



КМҚК «Еркем-Ай» ясли бақшасы



Әдіскер:
Дәрібаева Айсұлу Жұмабайқызы



Іскерлік ойын


«Ата-аналар мен педагогтар балалардың танымдық белсенділігі мен тілін дамыту туралы».



Мақсаты: Тәрбиешілердің өз мамандығын шыңдай түсіп, бай тәжірибесін басқаларға өнеге ету, «Тіл дамыту» оқу іс - әрекетінің тиімділігін арттыру, біліктілігін жетілдіру.

Керекті құралдар: Стикер, түрлі - түсті шарлар, фломастер, ақ парақтар, плакаттар.

Шарты: педагог тәрбиешілер дөңгелек етіп орналастырылған үстелдер санына қарай орналасады.



Өту барысы:

I. Әділ қазылар алқасы сайланады.

II. Тәрбиешілер өздері таңдап алған қызыл, жасыл, көк түстерге қарай үш топқа бөлінеді.

III. Ұпайларына байланысты тәрбиешілерге смайлик беріледі.






Сәлемдесу



Барлық қатысушылар
дөңгеленіп отырады.
Әр бір қатысушы бір-екі
сөзбен өзін таныстырып,
бүгінгі көңіл-күйімен
бөліседі. Мысалы:
«Менің атым Айсұлу.
Мен – әдіскермін.
Бүгін көңіл-күйім өте
тамаша!»





Тіл дамыту

Тіл дамытудың алға қойылған мақсат - міндеттерін жүзеге асыру үшін тәрбиеші алдын ала ұйымдастырып, өзінің кәсіби шеберлігінің нәтижесіне жүзеге асырады.

Бұл баланың білімін ғана жетілдіріп қоймай қабілетінің, дарын көзінің ашылуына түрткі болады.

Тіл дамыту жұмысында басшылыққа алатын басты мәселе балалардың ауыз екі сөйлеу тілін тиімді ережеге сәйкес құра білуінде жатыр.





Іскерлік ойынын

Ата-аналар мен педагогтар балалардың
танымдық белсенділігі
мен тілін дамыту туралы».



1 тапсырма:


**Әр топ өз тобын
шығармашылықпен
қорғайды яғни ат қою,
сурет салу,
өлең шығару.**



2 тапсырма:

**Тіл дамыту оқу іс - әрекетін
ұйымдастырудың әдіс
тәсілдеріне байланысты
сұрақтарға жауап береді.**





1. Баланың тілін дамытудағы мақсаттары.

- 1. Ауызша сөйлеуге үйрету, сөздік қорын дамыту.**
- 2. Сөз дыбыстарын дұрыс айту.**
- 3. Сөздік грамматикалық формасын қалыптастыру.**
- 4. Тілдің дыбысталу мәдениетіне тәрбиелеу.**
- 5. Байланыстырып сөйлеуін дамыту**





2. Тіл үйретудегі ерекшеліктер.


1. Дамыту, тіл тазалығы.



2. Тіл тазалығы, тіл мәдениеті.

3. Сөздің дыбыстық құрылымы.


4. Мәнерлеп сөйлеуге үйрету.

5. Көркем сөз өнеріне баулу





3. Оқылған шығарманы әңгімелеп айтуға үйретуде оқу іс - әрекетінің үлгі жоспарын айтып беріңіз.

- 
1. Тәрбиешінің кіріспе әңгімесі.
 2. Тәрбиеші әңгімені оқып беруі.
 3. Оқылған «әңгіме» ертегі мазмұнын көмекші сұрақтар беріп айтқызу.
 4. Шығарманы қайталап оқу, шығарма мазмұнын балаларға айтқызу.





4. Әр топтағы балалардың активтік сөздік қорын айтыңыз.



**I кіші топта 500,
II кіші топта - 1000,
ортаңғы топта –
1200 - 1500.**












5. «Тіл дамыту» оқу іс - әрекетінде ойынды пайдаланудың тиімділігі қандай?

1. Оқу іс - әрекетінің басында, ортасында, соңында қолдану.





**6. Стандарт бойынша
«Қатынас» білім беру саласының
ұйымдастырылған оқу іс - әрекетінің
(тіл дамыту, көркем әдебиет, орыс тілі
оқу іс - әрекеттерінің) жүктемесін
айтып беріңіз.**

- 
- 
- 
- 
- 1. I кіші топта 1 сағат, тіл дамыту – 0, 5, көркем әдебиет – 0, 5.**
 - 2. II кіші, ортаңғы топта 2 сағат, тіл дамыту 1 сағат, көркем әдебиет – 0, 5, орыс тілі – 0, 5.**



7. Жемістер жөнінде оқу іс - әрекетінің қысқаша жоспарын айтыңыз.

- 1. Жемістер туралы әңгімелеу (бұрын үйренген сөздерін қолдану)**
- 2. Жемістер туралы өлең оқу (өлеңдегі салыстырмалы сөздерге көңіл бөлу)**
- 3. Суреттермен сөздік ойын ойнату**
- 4. Өлеңде аталған жемістердің суретін салу, жапсыру.**

Шие - (қызыл, домалақ, кішкене ұсақ, шар сияқты)

Алма – (домалақ, қызыл, сары, тәтті, қышқыл) үйренген сөздерін қосып, сөйлем құрату.



3 тапсырма:

Актерлік қабілет

Әй, Асқар тау,


Кімге сен бағынасың!

**Бойыңа әсемдікті, тағып ала-
сың.**

**Қаншама қадам жасап барсам
дағы**

Жеткізбей бір өзіңе қиналтасың!

Жеткізбей бір өзіңе қиналтасың!






4 тапсырма:

Тәрбиешілермен шығармашылық
жұмыстар:


Үш топқа жұмбақ құрастыру
тапсырылады.

Бірінші топ - көбелек, ит, сағат
Екінші топ - гүл, түйе, телевизор
Үшінші топ – кітап, сағат, тышқан












**Құрметті тәрбиешілер,
бүгінгі жүргізілген ойын
барысында өзіміздің тілге
бай екенімізді көрсеттік
деп ойлаймын.**






«Шырақ»

Шырақ жағылып, бірінші тұрғанға беріледі. Ол бүгінгі іскерлік ойынан өз ойын, алған әсерін 3 сөзбен ғана білдіріп, шырақты келесіге береді. Шырақ барлығының қолынан өткеннен кейін, жүргізуші шырақты өз қолына алып, барлық қатысушыларға алғысын білдіреді.






Іскерлік ойын











Жақсы
ілтипатпен
жүздескенше
күн
жақсы
болсын!